



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 13 наурыздағы №ДС-105

## Құрметті депутаттар!

«Joltar» жобасына (бұдан әрі – Жоба) қатысты депутаттық сауалды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Астана қаласының әкімдігі жобаны пилоттық режимде іске асыруда. Негізгі мақсаты - Астана қаласының жұмыссыз және көшіп келген жастарын анықтау (өмірлік жағдайы, табыстар деңгейіне т.б. қатысты), практикалық дағдыларға оқыту, жұмысқа орналасуға және шағын бизнес ашуға көмек көрсету. Жоба демеушілік қаражат есебінен іске асырылуда.

Бұл мақсатта адамдар көп жиналатын жерлерде (сағат 10.00 - 19.00 аралығында) демалыссыз жұмыс істейтін 11 «Баршаға мүмкіндік» модульді пункттері (2023 жылдың қыркүйек айында) орнатылды және 4 оқыту класстары (2023 жылдың қараша айында) ашылды.

Анықтама: «Азия Парк» сауда-ойын сауық орталығы, «Айланд» отбасылық демалыс орталығы, «Тұлпар», «Встреча», «Мечта», «Euromall», «Рахмет 1», «Рахмет 2» сауда үйлері, «Жанұя» отбасыларды қолдау орталығы, «Жастар» сарайы, Еңбек мобильділігі орталығы.

Қазіргі уақытта модульді пункттерде 20 консультант кестеге сәйкес жұмыс істейді.

Өтініш білдірген азаматтарға қызмет негізгі үш бағыт бойынша көрсетіледі.

Бірінші. Тікелей жұмысқа орналастыру (30-дан астам сауда, қоғамдық тамақтану, қызмет көрсету серіктес компанияларға). Жұмысқа орналастыру кезінде серіктестермен жалақыны арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, мәселен, Magnim желісі еңбекақыны 115 мың теңгеден 215 мыңға дейін арттырды.

Екінші. Бірыңғай «Jumys tar» telegram-боты іске қосылып, сол арқылы жұмысшы мамандықтар бойынша бос орындарға жұмысқа орналастыру. Онда қаланың жұмыс берушілерінің негізгі сервистік қызметтері (сауда, қоғамдық тамақтану, құрылыс, қызметтер т.б.) бойынша барлық өзекті бос орындары бар. Бұл жұмыс берушінің жұмыс іздеушімен делдалсыз тікелей байланысын қамтамасыз етеді (қазір 7629 жұмыс іздеуші, 601 жұмыс беруші тіркелген, 1040 бос жұмыс орны орналастырылған).

Үшінші. Қысқа мерзімді оқуға жіберу (дағдылар алу үшін, оқу бағдарламасының 80% практика құрайды). Оқыту екі бағдарлама бойынша ұйымдастырылуда – жұмысшы мамандықтар (барист, сатушы-кассир, қоғамдық тамақтанудың әмбебап қызметкері, тігінші, модельер-құрастырушы, дәнекерлеуші) және цифрлық дағдылар (таргетолог, мобилограф, сайттар жасаушы, SMM, цифрлық негізгі дағдылар, графикалық дизайн, маркетинг-плейстер, бейнемонтаж). Бүгінгі күні 1769 адам оқытылды.

Жоба іске асырылған уақыттан бері 8,5 мыңнан астам азаматқа қызмет көрсетілді (56% жұмыссыздар, 33% жалдамалы жұмыскерлер және 11% өзін-өзі жұмыспен қамтығандар). Жүгінгендердің басым бөлігі – тұрақты емес кірісі және шамадан тыс несиелері бар адамдар.

Жалпы жоба аясында 1,2 мың қала тұрғыны жұмысқа орналастырылды (52%-ы 35 жасқа дейінгі жастар).

Жоба басқа да өңірлерде ағымдағы жылдың 1 мамырынан бастап іске асырылатын болады. Тиісті алгоритм әзірленуде.

**О. Бектенов**